

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы № 1

Жаңаарқа кенті, Б.Амалбеков атындағы ЖОББМ

20.01.2021 ж

Қатысқндар:

1. Малайсаринова А.И- төрайымы – Хоум банк,бухгалтер
2. Сұланова А – хатшы, «Жібек жолы » жеке кәсіпкер
3. Мукушев Г.О. – мүшесі, ПЧ-28
4. Омарбаева А – мүшесі, «Атасу » жеке кәсіпкер
5. Нүркенов Р. – мүшесі, жеке кәсіпкер
6. Дүйсенбаев Б – мүшесі, «Алия » жеке кәсіпкер
7. Есенбаев Н – мүшесі, «Каз Транс ОЙЛ » қызметкері
8. Қасенбекова Н – мүшесі «Балдырған » балабақшасы тәрбиеші
9. Аманова А.К. – Мүшесі, Қарағанды обл. Әділет Департаменті

Күн тәртібі

1. 2020 жылдың ІІ жартыжылдық бойынша мектепке көрсетілген қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директорының есебі. Мектеп директоры С.С.Бибосынов

Тындалды: Мектеп директоры С.С.Бибосынов

Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде 2020 жылдың ІІ жартыжылдық бойынша аз қамтылған (әкесі, шешесі жоқ) қамқорлықтағы, көп балалы жанұяларының мектеп жасындағы балалары туралы көрсеткіш – 204 оқушы, қамқорлықта – 8 оқушы. Аз қамтылған, көп балалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тегін ыстық тамақпен бірінші тоқсанда – 45 оқушы қамтылды .

Желтоқсан айында Қарағанды облыс әкімінің шыршасына аз қамтылған 5 « а » сыныбының оқушысы Илтаева Инабат барып бағалы сыйлықтар мен тәттілер берілді. Аудан әкімінің шыршасына 5 « в » сыныбының оқушысы Жұмажан Аружан мен Базарбай Зарина - көп балалы отбасынан , 5 « б » сыныбынан Кенжеғазы Еркежан – әкесі жоқ , 5 « г » сыныбынан Сейфулла Толғанай және 6 « а » сыныбынан Такаева Шапағат барды. Бұл оқушыларға аудан әкімі тарапынан смарт сағаттар мен тәттіге толқы қалташалар берілді. Қаңтар айында «Қамқорлық қайырымдылық » республикалық акциясы өтті. Акция мақсаты – күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім – балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша (киімнің, аяқ киімнің, мектепке керек – жарақтарының) сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу болып табылады. Осы акцияға байланысты мектеп дәлізінде «Қамқорлық» акциясының жәшігі ілініп, мектебіміздің ұстаздары да акцияға белсене қатысты.

3 « в » сыныбының оқушысы қамқорлықтағы Дихнбай Сәтжанға 4000 теңгеге ағылшын пән бірлестігінен жиналған қаражатқа етік берілді.

Жәнеде аудан көлемінде ұйымдастырылып жатқан қайырымдылық қорларының мүшелерімен бірлесіп қамқорлықтағы 6 «а» сыныбының оқушысы Азамат Әділжан мен 3 «в» сыныбының оқушылары Азамат Саяжан, Абдыкалыкова Жансаяның пәтерлеріне барып азық – түліктер апарылды.

Мектеп дәлізіне ілінген қайырымдылық жәшігіне оқушылар, ата – аналар, ұстаздар белсен қатысып 6000 теңге жиналды.

Бұл жиналған ақшаға 6 «б» сыныбының оқушысы Хамзе Аружанға етік пен оқу құралдары әперілді.

Жетім, көпбалалы, аз қамтылған балаларға аудандық білім бөлімінен 20 оқушыға (оның ішінде 13 оқушыға етік, 7 оқушыға куртка) қысқы курткалар мен етіктерге сұраныс берілген болатын. Қыстық курткалар мен етіктер АКТ жасалынып оқушыларға таратылды.

Қамқорлыққа алынған 8 оқушының үйлеріне рейд жасалынынды. Оқушылармен құқықтық кеңестер өткізілді. Оған Аудандық ішкі істер бөлімінен жасөспірімдер инспекторлары шақырылды. Барлық хаттамалары толтырылды. Ұл балалармен да , қыз балалармен да жеке жеке жиналыстар өткізілді.

Шалғайдағы елді мекендерден яғни ДЭУ мен темір жолдың артынан тасымал ұйымдастырылып құжаттары жинақталып Атасу кентінің әкімшілігіне тапсырылды. ДЭУ – ден 11 бала, темір жолдың артынан – 27 бала тасымалданады.

Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап отырылады. Себебсіз сабақты көп босатқан 7 «в» сыныбының оқушысы Хамиев Жантөре. Ата – анасын шақыртып түсіндірме жұмыстарын жүргізіп түсініктеме алынды. Үйіне барып рейд жасап әлеуметтік жағдайын бақылап ата – анасымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп қазіргі таңда біршама сабаққа қатысуы жақсартылды.


IV ші тоқсан бойынша

Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты қашықтықтан оқыту жоспарланды. Бұл уақытта аз қамтылған, көп балалы, қамқорлықтағы оқушылардың ата – аналарымен тығыз байланыста болып оқуға мүмкіндік бар жоғын анықталды.

Мектеп тарапынан көп балалы 3 отбасына сабақ оқуға мүмкіндік жасалынып компьютер берілді. Олар: 7 «в» сыныбының оқушысы Сариева Айша, 7 «в» сыныбының оқушысы Абзалұлы Санжар және 7 «а» сыныбының оқушысы Шайхин Айбар мектеп тарапынан берілді. Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысуы қадағаланып отырылды.

Жетім, көпбалалы, аз қамтылған балаларға 2020 – 2021 оқу жылына 20 балаға қыстық киімдерге сұраныс берілді.

Шешімі: 2020 жылдың I жартыжылдық бойынша мектепке көрсетілген қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директоры С.С.Бибосыновтың есебі қанағаттанарлық, мектепке көрсетілген материалдық қолдау жұмыстары нәтижелі, әділ, айқын деп танылсын.

Кеңес төрайымы: Малайсаринова А.И. 

Хатшы: Сұлтанова А
Мүшелері: Қ.Ш.Қожықаев
Омарбаева А – мүшесі
Нүркенов Р. – мүшесі
Дүйсенбаев Б – мүшесі
Есенбаев Н – мүшесі
Қасенбекова Н – мүшесі

